

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**PROCEEDINGS
of the XX International Scientific Conference
for students and young scholars
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**2025
Астана**

УДК 001(06)
ББК 72я631
F96

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025» студенттер мен жас ғалымдардың
XX Халықаралық ғылыми конференциясы = XX Международная
научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE
BILIM – 2025» = The XX International Scientific Conference for
students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025». – Астана:
– 3813 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-08-5373-7

**Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас
ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті
мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.**

**The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young
researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities. В сборник
вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по
актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.**

УДК 001(06)
ББК 72я431
F96

ISBN 978-601-08-5373-7

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2025

**СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.1 МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫ МЕН ТАРИХЫ,
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ**

1470.	Асылбекова А.А.	Правовое регулирование искусственного интеллекта: зарубежный опыт и перспективы для Казахстана	6308
1471.	Аширбекова А.Б.	Қазақстан Республикасында Ұлттық алдын алу тетігі жүйесі	6314
1472.	Амирова Б.К.	Қазақстандағы жинақтаушы зейнетақы заңнамасының тарихи эволюциясы	6316
1473.	Бейбітұова І.Б.	Медицина қызметкерлерінің құқықтық жауапкершілігі	6319
1474.	Байтерекова К.Б., Ескендерова Г.Т.	Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қазіргі жағдайы	6323
1475.	Егежанова Д.Р.	О влиянии нормативной практики Верховного суда Республики Казахстан на административное судопроизводство	6326
1476.	Есентемирова А.М.	Некоторые вопросы становления законодательства о высшем и послевузовском образовании в Республике Казахстан	6330
1477.	Еркін Ә.	Коррупция и правовые методы борьбы с ней	6340
1478.	Жармаханбетова Б.А.	Права коренных народов и недропользование: проблемы соблюдения и защиты прав при добыче природных ресурсов на их территориях	6345
1479.	Жолдасбек М.Б.	Қазақстан Республикасындағы Конституциялық реформа: өзгерістерді талдау және олардың құқықтық жүйеге әсері	6348
1480.	Жеңіс Е.Е.	Салық заңнамасын жетілдіру мәселелері	6353
1481.	Жанаев Е.А.	Роль морали в правовых решениях и законодательных актах	6357
1482.	Кажтай А.Н.	Қауіпті құқықбұзушылықтардың қоғамға әсері	6360
1483.	Карсибек С.А.	ҚР Алқабилер сотының құқықтық жағдайы және шетел мемлекеттерімен салыстырмалық ерекшеліктері	6364
1484.	Көбеген А.М.	Әлеуметтік әл-ауқат пен қоғамның өркендеуінің құқықтық аспектілері	6367
1485.	Кошкенбек Б.Б.	Шетелде оқыту бағдарламаларын құқықтық реттелуі	6371
1486.	Қалыбаева А.Ә.	Қазақстандағы жаза қолданудың құқықтық санаға әсері	6377
1487.	Қалқазбек Н.Е.	Қазіргі заманғы құқық саласының өзекті мәселелері мен даму перспективалары	6380
1488.	Маликов Ж.Н.	Қазақстан Республикасының Конституциялық сот институтының қалыптасуы және қызметі	6383

1489.	Маратов А.Б.	Роль юристов защиты прав юридических лиц	6385
1490.	Отыншиева Г.	Құқықтық сана және мәдениеттің арақатынасы	6387
1491.	Роман К.Д.	Законодательные основы обеспечения информационной безопасности детей в Казахстане: вызовы цифровой эпохи	6390
1492.	Сұңғатов С.С.	Цифрландырудың азаматтардың әлеуметтік-экономикалық құқықтарын іске асыруға тигізетін ықпалы	6392
1493.	Салиханов А.Б.	Социальные барьеры реинтеграции бывших заключённых в Казахстане: причины стигматизации и пути преодоления	6396
1494.	Турегелдиев Б.У.	Жоғарғы соттың нормативтік қаулыларының құқықтық алаңдағы ықпалы	6402
1495.	Тәуірғалиева А.Б.	Киберқауіпсіздік: қылмыстардың алдын алу және заңнамалық шаралар	6405
1496.	Табанова Ж.А.	Защита прав женщин: международный аспект	6409
1497.	Тәжі Ә.Т.	Цифровизация прав граждан РК	6413
1498.	Тигай Б.А.	Проблемы налогового правоприменения в РК	6415
1499.	Шоманова К., Ясинова Д.	Адам құқықтарының қорғалуы және заңнамалық реттелуі	6423
1500.	Ібіжан Г.Ә.	Проблемы организации правовой помощи детям с ограниченными возможностями здоровья	6427
1501.	Yagmussova A.F.	The concept and types of social guarantees and the grounds for their provision under labor legislation	6431

СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.2 АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

1502.	Алмагамбетов М.	Кәсіпкерлердің құқықтары мен оның қорғалуы	6436
1503.	Булатова Л.Б.	Жасанды интеллектпен жасалған туындылардың құқықтық мәртебесі	6440
1504.	Ибрашев А.М.	Искусственный интеллект в трудовом праве: перспективы, риски и возможности	6443
1505.	Искаков Р.А.	Правовая природа договора о государственных закупках товаров в Республике Казахстан	6446
1506.	Көбеген А.М.	Әлеуметтік әл-ауқат пен қоғамның өркендеуінің құқықтық аспектілері	6452
1507.	Мырзаханов Ә.Е.	Қазақстан Республикасындағы ресми наградалар жүйесі: толықтырулар мен	6456

		өзекті мәселелер	
1508.	Нургалиева М.Е.	Трудовые права женщин и равенство на рабочем месте. Дискриминация как барьер для экономического прогресса	6459
1509.	Рустами-Кадырбекова Ж.	Ретроспективный анализ правового регулирования в области социального обеспечения	6464
1510.	Сураганова Д.Д.	Правовое регулирование игорного бизнеса в Республике Казахстан	6468
1511.	Третьяк М.В.	Тенденция к сокращению рабочего времени в развитых странах: баланс между производительностью и качеством жизни	6471
1512.	Третьякова Ж.В.	К вопросу имущественных правоотношений родителей и детей по законодательству Республики Беларусь	6475
1513.	Тыныбек кызы А.	Гибкие формы занятости в Казахстане и Кыргызстане: правовое регулирование дистанционной работы и самозанятости	6478
1514.	Тюлегенова А.А.	Правовые аспекты использования земли	6481

СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.3 ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУ ТҮЛҒАНЫҢ, ҚОҒАМ МЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУДЫҢ МЕХАНИЗМІ РЕТІНДЕ

1515.	Азенова С.Р.	Сот сараптамасын тағайындау мен жүргізу: қылмыстық процестегі маңызы және жетілдіру жолдары	6485
1516.	Абдықадыр А.Б.	Қылмыстық әділет жүйесіндегі цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект	6488
1517.	Байносерова А.Г.	Қолжазба сараптамасы дәлелдеу құралы ретінде: жаңа әдістер мен шешілмеген мәселелер	6495
1518.	Бахыт І.Б.	Уголовное судопроизводство как механизм защиты интересов личности, общества и государства	6500
1519.	Жакишева Д.К.	Арнайы білім және оларды қылмыстарды тергеу кезінде қолдану нысандары	6504
1520.	Жұмадулла Қ.Ф.	Жасанды интеллект пен криминалистика: қылмысты ашудағы жаңа дәуір	6508
1521.	Маратова А.М.	Понятие судебно-биологической экспертизы и ее значение для установления обстоятельств уголовного дела	6510
1522.	Шариф М.Қ.	Психологиялық портретті құру: сот сараптамасында қолдану тәжірибесі	6514
1523.	Жунусов Д.С.	Совершенствование качества судебных экспертиз: организационно-правовой подход	6517
1524.	Khamidullina R.	Jury Trials in the Criminal Justice System: A Comparative Analysis of the U.S. And	6520

		Kazakhstan Models	
1525.	Киікбай Б.С.	Онлайн алаяқтық қылмыстық құқық бұзушылықтарын тергеп-тексерудің өзекті мәселелері	6523
1526.	Салимжуаров Г.Ф.	Перспективы использования искусственного интеллекта в производстве судебных экспертиз	6528
1527.	Серіктай Н.Ө.	Тергеушінің жеке басының кәсіби-психологиялық сипаттамасы	6531

СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.4 ҚЫЛМЫСТЫҚ САЯСАТ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМА: ЗАМАНАУИ СЫН-ҚАТЕРЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

1528.	Адильхан Х.Б.	Қылмыс пен жазаның психологиялық қырлары: кінә және жауапкершілік сезімі	6536
1529.	Арзанбекова К.Қ.	Геноцид және оның халықаралық құқықтағы орны	6538
1530.	Ахметжанова А.А.	Правовое обеспечение информационной безопасности Республики Казахстан: вызовы и перспективы	6540
1531.	Айзак А.Ж.	Әлеуметтік факторлар мен экономикалық қысымның қылмысқа ықпалы	6544
1532.	Әжібекова А.Е.	ҚР жасөспірімдер арасындағы буллингке қарсы шаралар мен шетелдік тәжірибе	6546
1533.	Болатбекова А.А.	Қылмыс пен жазаның қоғамдағы әлеуметтік-мәдени ықпалы	6552
1534.	Бөлебай А.Б.	Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық қылмыстарының алдын алу мәселелері	6555
1535.	Дүйсен Қ.А.	Адам саудасының құрбандарын анықтау және қорғау механизмдері	6563
1536.	Карсибек С.А.	Жыныстық қолсұғылмаулыққа қарсы жасалған қылмыстардың латенттілігі: себептері және шешу жолдары	6566
1537.	Кенеспек Д.М.	Қазақстан Республикасындағы қылмыстардың қайталану себептері мен алдын алу жолдары	6569
1538.	Кийкбай Н.К.	Жалған ақпарат тарату және оның қылмыстық-құқықтық салдарлары: ақпараттық кеңістікте қауіпсіздік пен жауапкершілік мәселелері	6572
1539.	Кожанова Д.Р.	Реформа уголовного законодательства Республики Казахстан: анализ реализации положений концепции УК 2014 года через призму десятилетнего опыта	6575
1540.	Көбейсін Ө.Т.	Кінә мен оның қос нысаны: қазіргі қылмыстық құқықтағы ерекшеліктер мен проблемалар	6578
1541.	Койчубекова А.А.	Уголовная ответственность за	6580

		насильственные действия сексуального характера	
1542.	Қабдылова А.Қ.	Кибербуллингтың алдын алудың құқықтық мәселелері	6585
1543.	Мырзаханов Ә.Е.	Қазақстан Республикасындағы ресми наградалар жүйесі: толықтырулар мен өзекті мәселелер	6590
1544.	Орынбай Ш.А.	Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі	6593
1545.	Сайлаубек М.Ж.	Қылмыстық құқықтағы өзін-өзі қорғау шегінің әлеуметтік және құқықтық аспектілері	6597
1546.	Төрехан А.Ә.	Тұрмыстық зорлық-зомбылық; қылмыстық жауаптылық және әділ жаза тағайындау мәселелері	6600
1547.	Тюлегенова А.А., Куатова Р.Е.	Совершествование превентивных мер в рамках реализации антикоррупционной политики в РК	6607

СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.5 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРИЯ ҚҰҚЫҚ: ЖАҢА ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР ТЕГЕУРІНДЕРІ

1548.	Алиев Е.	Правовое регулирование международных железнодорожных перевозок в Республике Казахстан	6611
1549.	Аршабаева Р.С.	Заманауи құлдықпен күрестегі халықаралық құқықтың тиімділігі мен мәселелері	6616
1550.	Данияр Ә.А.	Роль международных организаций в урегулировании вооруженных конфликтов	6620
1551.	Кабдрахманов А.Е.	Анализ правового регулирования защиты прав трудовых мигрантов: опыт Казахстана и России в контексте международных стандартов	6626
1552.	Qodirova T.R.	The role of the United Nations High Commissioner for refugees in protecting refugee rights	6631
1553.	Медетова М.Б.	Азаматтық авиациядағы алғашқы халықаралық қауіпсіздік стандарттары: пайда болу және тарихи негіздері	6634
1554.	Мыктыбаева Д.А.	Регулирование вопросов трудовой деятельности трудящихся-мигрантов в международных соглашениях Республики Казахстан	6640
1555.	Мырзаханов Ә.Е.	Қазақстан Республикасындағы ресми наградалар жүйесі: толықтырулар мен өзекті мәселелер	6645
1556.	Рублевский А.А.	Этическая дилемма статуса эмбриона	6648
1557.	Тулеген А.С.	Правовые проблемы назначения и исполнения наказания в деятельности международных уголовных трибуналах ad hoc	6652

10.6 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОММЕРЦИЯЛЫҚ АРБИТРАЖ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚ

1558.	Акынов Д.М.	Правовые механизмы обеспечения исполнения обязательств государствами-членами ЕАЭС	6657
1559.	Ануарбек А.	Применение блокчейн-технологий в международном коммерческом арбитраже: правовые вызовы и перспективы	6661
1560.	Жаксылыков К.К.	Особенности правового регулирования отношений, возникающих из международного договора купли-продажи товаров	6665
1561.	Каримова Ф.Х.	Защита персональных данных в международном частном праве	6669
1562.	Мирзоева М.М.	К вопросу о сущности деловой репутации	6675
1563.	Раджабов М.Д.	Трудовые права иностранных граждан в международном частном праве	6679

10.7 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ БҰҰ-НЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ

1564.	Ануарбек А.	Международное экологическое правосудие: теоретические основы и практические аспекты	6683
1565.	Burieva M.S.	The role of international organizations in regulating the use of water resources of transboundary rivers and lakes	6687
1566.	Nasreddinzoda N.	The role of regional organizations in achieving the SDGs: international legal aspects	6691
1567.	Шалгымбаева А.Н.	Комиссия международного права ООН: регулирование экологических аспектов вооруженных конфликтов	6693

СЕКЦИЯ 11**АРХИТЕКТУРА И СТРОИТЕЛЬСТВО****ПОДСЕКЦИЯ 11.1 СТРОИТЕЛЬСТВО**

1568.	Аманжолова Ш.Ф.	Қарқынды құрылыс жағдайындағы Астана қаласының жер асты сулары деңгейінің өзгерісін болжау	6698
1569.	Батирбекова А.Т.	Численное моделирование работы стены в грунте с распорной системой в условиях плотной застройки	6702
1570.	Бекетов Д.Н.	Энергоэффективность в строительстве: симуляция влияния ориентации зданий на потреблении энергии в Астане	6707

«Российская газета» от 6, 7, 8 февраля 1996 г. № 23, 24, 25; Собрания законодательства Российской Федерации от 29 января 1996 г. № 5 ст. 410.

6. Послание Президента РК народу Казахстана от 1 сентября 2022 года «Справедливое государство. Единая нация. Благополучное общество» // [Электронный ресурс] [URL:https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-181130](https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-181130) (дата обращения 09.03.2025).

7. Еликбаев К.Н. Проблемы и перспективы функционирования рынка государственных закупок в рамках ЕАЭС // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Экономика. 2022. Т. 30. № 1. С. 79–92. <http://dx.doi.org/10.22363/2313-2329-2022-30-1-79-92>.

УДК 3401

ӘЛЕУМЕТТІК ӘЛ-АУҚАТ ПЕН ҚОҒАМНЫҢ ӨРКЕНДЕУІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Көбеген Алмат Маратұлы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті

Almatkobegenovvv@gmail.com

Ғылыми жетекшісі - з.ғ.д., профессор

Ибрагимов Жамаладен Ибрагимович

Бақыт – бұл адамның өз өміріне риза болатын сәттер болып есептеледі. Бақыт әрбір жанның өміріндегі ең маңызды ұғымдардың бірі. Адам бақытты болған сәтте оның физикалық, психикалық және эмоционалды денсаулығы жоғарғы деңгейде болады. Сонымен қатар бақыт сәтінде адамның жаңа істермен айналысуға интасы ашылатыны белгілі. Бұл қоғам үшін және мемлекет үшін өте маңызды болып табылады. Алайда, оны мемлекет мақсаттарының бір қатарына қосу туралы ой тек соңғы жылдары ғана өзекті бола бастады. Бақыт министрлігін құру туралы ұсыныс қоғамның әл-ауқатын тек қана экономикалық көрсеткіштер арқылы ғана емес, жалпы адамның өмір сүру сапасын және жаңа мүмкіндіктерге жолашуына бағыттаралады.

Бақыт министрлігі – мемлекет тарапынан халықтың жалпы өмір сүру сапасын арттыруға арналған арнайы үкіметтік орган. Бұл министрлік қоғамның экономикалық, әлеуметтік, мәдени және рухани дамуын тепе-тең ұстай отырып, қоғамда туындаған адам өмірде туындаған мәселелермен терең жұмыс жасайды. Қоғамның бақытты болуына бірнеше нақты факторлар әсер етеді. Бұл факторларға:

- Денсаулық факторы
- Қауіпсіздік факторы
- Бостандық факторы [4, 26]

Қоғамдағы денсаулық факторы тек қана жеке адамның денсаулығы емес, оның физикалық, психикалық және эмоционалдық тұрақтылықтарын қарастырады. Қоғамның физикалық денсаулығы: халықтың денсаулығының көрсеткіші, өмір сүру ұзақтығын, қоғамның осал топтарына берілетін көмек күштерін дұрыс басқару болып табылады. Қоғамның психикалық және эмоционалды деңгейін жақсартып қана қоймай, сонымен қатар оны бір деңгейде ұстап тұрумен айналысады. Қоғамның психикалық аспектілерімен жұмыс жасау арқылы мемлекет ішіндегі құқық бұзушылықтар мен қылмыстың алдын алу, стресстен арылу, ұлттық бірегейлікті сақтау және т.б. факторларды жақсартуға көмектеседі. Қоғамның эмоционалдық тұрақтылығы негізгі рөл ойнайтын факторлардың бірі болып табылады.

Эмоционалық тұрақтылық адамдардың психикасымен байланысты. Қоғам үшін өз эмоциясын басқара алатын, позитивтілікті сақтай алатын адамдар аса қажетті.

Қауіпсіздік факторларына: жеке қауіпсіздік, экономикалық қауіпсіздік және құқықтық қауіпсіздіктердің сақталуын қарастырады. Жеке қауіпсіздік адамның негізгі құқықтықтық дистанцияларын сақтайтын, ерекше қорғалатын компонент болып табылады. Жеке қауіпсіздікті сақтау үшін біріншіден қоғамда еркін жүруге сенімді болу қажет. Егер қоғамда тұрақты қауіпсіздікті сақтау орын алар болса, адамдар ештеңеден қорықпай, құқық бұзушылықтар мен қылмыстың болмауына сенімді болар еді. Экономикалық қауіпсіздік қоғамда орын алып жатқан мәмілелермен реттеліп отырады. Экономиканың дамуына өте жақсы әсер ететін факторлардың бірі жеке кәсіпкерлікпен айналысу, экспорттауға арналған жеке Қазақстандық Брэнд ойлап табу және сонымен қатар жеке кәсіпкерлерге көмек көрсету арқылы мемлекеттің бәсекелестікке төтеп бере алатын жағдайға жету болып табылады. Әрине жеке кәсіппен айналысу үшін мемлекеттен көмек көрсету үшін түрлі арнайы іс-шаралар ұйымдастырылған, алайда бұл арнайы іс-шаралардың жеңімпазы болуы үшін қажетті түрде кәсіптің бәсекеге төзімділігін анықтау қажет болады. Құқықтық қауіпсіздік дәл осы арнайы мемлекеттен қаржылай қайтарымсыз көмек ретінде келген ақшалай көмекті қамтамасыз етіп, сонымен бірге бұл ақшаға қолсұғылмаушылықты қамтамасыз ету қажет. Қазіргі таңда көптеген кәсіптер жеке өнімін шығара алмай бастапқы кезеңде жұмыс істеуін тоқтатып жатыр. Бұған себеп кәсіпкерлерді толық қадағаламау және тым мемлекет тарапынан қадағалау мен міндеттердің көп болуы мүмкін. Бұл мәселелерді шешу үшін мемлекет тарапынан бақылауды дұрыс ұйымдастыра білу керек және адамдарға міндеттер мен жауапкершілікті дұрыс қоя білу қажет. 2024 жылғы NOMBEO сайтының зерттеуі бойынша Қазақстан қауіпсіздік индексі бойынша 53 орынды емденген. Ал бұл рейтингтің көш басында тұрған БАӘ. БАӘ мемлекетінде Бақыт министрлігі 2016 жылдан бастап жұмыс істеп келе жатыр. Қазақстан жоғарғы орындарды иемдену үшін бұл министрліктің мемлекетімізде құрылуы қажет.

Бостандық факторына келер болсақ Қазақстан Freedom House рейтингі бойынша <https://gtmarket.ru/organizations/freedom-house> [3] Қазақстан 163 орынды иемденген. Бұл рейтингте тек қана бостандық емес, саяси және тіл бостандығы қарастырылған. Мемлекетімізде бостандық факторын сақтау үшін қоғам ешкімге тәуелді болмауы тиіс, дара және жеке өз идеяларын билікке жеткізе алуы қажет. Бақыт министрлігі бұл мәселелерді жақсы қарастырып шешімін табуы үшін түрлі іс әрекеттерді ұйысдастырып, ұлтымыздың бостандығын бекітіп беруі қажет.

Қазіргі таңда Бақыт министрлігі БАӘ, Үндістан, Нигерия және Бутан мемлекетінде қолданылады. Бақыт министрлігінің пайда болу тарихы Бутан мемлекетінің бастау алған. Бутанда “бақыт министрлігі” тікелей бар деп аталмаса да, 1970 жылдардан бастап енгізілген “жалпы ұлттық бақыт” (Gross National Happiness) концепциясы арқылы халықтың әл-ауқатын басты көрсеткіш ретінде қарастыратын мемлекеттік саясат қалыптасты. Бұл идеяны Бутанның төртінші королі Джигме Сингье Вангчук ұсынған. Оның мақсаты экономикалық өсімнен гөрі халықтың рухани, мәдени, экологиялық және әлеуметтік дамуына назар аудару болды. Осылайша, Бутанның мемлекеттік басқару жүйесінде бақыт деңгейін арттыруға бағытталған арнайы саясаттар мен бағдарламалар жүзеге асырылды.

Зерттеуші Фархат Қайратұлының Egemen Qazaqstan сайтында жазған мақаласында “Тап қазір бақытты болудың мәнін терең түсінсе керек, әлемнің кейбір елдерінде Бақыт министрлігі деген бөлек бір ведомство да бар. Министрлік деген – мекеме, басқару органы. Демек біздің түсінігіміздегі қолға ұстауға келмейтін, көзге көрінбейтін бақыт үшін арнайы министрлік құруға болады екен. Мұндай ведомство алғаш Бутанда құрылған. Бұл мемлекетте елдің «ішкі жалпы өнімі» деген ұғым жоқ. Оның орнына «ішкі ұлттық бақыт» деген ұғым қолданылады. Сонда елдің ішкі жалпы өнімі ұлғайған сайын жергілікті халықтың бақыты да арта түседі. Төрткүл дүниеге таратар тамаша тәжірибе десе де болғандай” деп хабарлайды [1].

Бақыт министрлігі қазіргі таңда жақсы жұмыс істеп тұрған мемлекет туралы айтар болсақ, БАӘ жоғарыда айтқандай ең қауіпсіз мемлекеттер көшін астап тұр. Бұл мемлекетте 2016 жылдан бері Бақыт министрлігі жұмыс істеп келе жатыр. Біріккен Араб Әмірліктерінде “Бақыт және жақсы ахуал министрлігі” 2016 жылы құрылған. Бұл бастаманы БАӘ премьер-министрі шейх Мұхаммед бен Рашид әл-Мактум ұсынды. Министрліктің мақсаты – азаматтардың өмір сүру сапасын арттырып, қоғамдағы жалпы бақыт деңгейін көтеру. Министрлік ұлттық бағдарламалар арқылы әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге, жұмыс және өмір ортасында бақытты арттыруға бағытталған. Сонымен қатар, білім беру, денсаулық сақтау, қоғамдық қызмет көрсету салаларында реформалар жүргізіп, мемлекеттің экономикалық өсімімен бірге әлеуметтік әл-ауқатты да жақсартуды көздейді. Бақыт министрлігі БАӘ жақсы жұмыс істеп келе жатқанын бұл елдегі халқының әл-ауқатына қарап білуге болады. Мемлекеттің көп бөлігі иммигранттар болғандықтан өз халқына қаржылау және мемлекеттік көмек көрсетуде. Сонымен қатар БАӘ азаматтық алу мәселесі өте жақсы қорғалған. Бұл мемлекеттік азаматы болу үшін күрделі процестен өту қажет, сонымен қатар азаматтықты алу үшін ірі инвестор болу қажет. Мемлекеттің шетелдық азаматтардан келіп түскен қаржыны өл халқына үлестіріп, сонымен қатар шетелде білім алуын толық қанды мемлекет атынан қаржыландыру белгіленген. Бақыт министрлігінің бұл екі мемлекетте өте жақсы жұмыс істеп келе жатқанын дәл осы фактілер арқылы көз жеткізсек болады.

Бақыт индексі – бұл елдегі халықтың жалпы әл-ауқаты мен өмір сапасын өлшейтін ерекше көрсеткіш. Ол экономикалық табыстардан бөлек, адамның ішкі қанағаттанушылығын, психологиялық жағдайын, әлеуметтік қарым-қатынасын және өмір сүруге қолайлы ортаны бағалайды. Бұл индекс адамның күнделікті өмірдегі қуаныш пен қанағат сезімін, қоршаған ортаға деген риза көңіл-күйін есепке алады, әрі тек материалдық жағдайлармен шектелмейді. Бақыт индексі елдің даму деңгейін тек санмен өлшенбейтін құндылықтармен – адамдардың өзіндік сезімдерімен, эмоциялары мен ішкі тыныштығымен сараптайтын жаңа көзқарасты көрсетеді.

2006 жылғы өткізілген Халықаралық Бақыт индексінде [5] Қазақстан 125 орынды иемденген. Ал 2023 жылғы өткізілген тексерісте Қазақстан 49 орынға көтерілген. Мемлекет 17 жыл ішінде 76 орынға алдыңғы қатарға жылжыған, бұл өте жақсы көрсеткіш. Ал енді БАӘ қарастыратын болсақ 2006 жылы 154 орынды иемденген, ал 2024 жылғы рейтингте 22 орынды иемденді. 17 жыл ішінде 132 орынға алдыңғы қатарға жылжыған [2]. Әрине бұл көрсеткіштің барлығы 2016 жылдан кейін қолған алынған Бақыт министрлігінің басқаруымен болған стратегия арқылы.

Бақыт министрлігі атқаратын істерді толықтай қарастырар болсақ, төмендегдей істерді жүзеге асырады:

1. Әлеуметтік әл-ауқатты жақсарту:

Бақыт министрлігінің басты міндеттерінің бірі — әлеуметтік әл-ауқатты жақсарту. Бұл келесідей іс-шаралар арқылы жүзеге асады:

- Тұрғындардың әлеуметтік жағдайын талдау: Министрлік қоғамдағы әлеуметтік теңсіздіктерді анықтап, оларды жоюға бағытталған саясатты әзірлейді.
- Жұмыссыздықпен күрес: Министрлік халықты жұмыспен қамту бағдарламаларын жүзеге асыруға және жұмыссыздық деңгейін төмендетуге тырысады.

2. Бақыт индексі мен өмір сүру сапасын өлшеу:

Бақыт министрлігі халықтың жалпы қанағаттанушылығын бағалау және жақсарту үшін арнайы өлшемдер мен индекстерді пайдаланады. Бақыт индексі елдегі азаматтардың өмір сапасы, денсаулығы, әлеуметтік қарым-қатынасы және эмоционалдық тұрақтылығы бойынша бағаланады. Министрлік бұл деректерді үнемі жаңартып, оларды жақсартуға бағытталған ұсыныстар дайындайды.

- Сауалнамалар мен зерттеулер жүргізу: Министрлік тұрақты түрде халық арасында сауалнамалар жүргізіп, олардың қажеттіліктерін, проблемаларын және ұсыныстарын талдайды.

- Өмір сапасын бағалау: Экономикалық, әлеуметтік, денсаулық сақтау және білім беру көрсеткіштерін бағалап, олардың ел тұрғындарының бақыт деңгейіне әсерін зерттейді.

3. Психологиялық және эмоционалды денсаулықты қолдау:

Психологиялық тұрақтылық — азаматтардың бақытты өмір сүруінің маңызды аспектісі. Осы мақсатта министрлік әртүрлі шараларды жүзеге асырады:

- Психологиялық қолдау көрсету: Министрлік азаматтардың психологиялық әлауқатын жақсарту үшін тегін кеңес беру қызметтерін және психологиялық орталықтарды ұйымдастырады.

- Стресспен күресу: Қоғамдағы стресс деңгейін төмендетуге бағытталған арнайы бағдарламалар құрылады, жұмыс орнындағы стресс, отбасылық шиеленістер және психологиялық қысым мәселелері қарастырылады.

- Әлеуметтік қолдау топтарын құру: Министрлік психологиялық мәселелермен күресу үшін халыққа қолдау топтарын ұйымдастырады, онда азаматтар өзара көмек көрсетіп, бір-бірінің жағдайын жақсартуға көмектеседі.

4. Қоғамдық денсаулық және спорт:

Бақыт министрлігі денсаулық сақтауды жақсарту мақсатында спорт және белсенді өмір салтын насихаттау бағдарламаларын жүзеге асырады:

- Спорттық шаралар: Министрлік халық арасында спортпен айналысуға жағдай жасап, салауатты өмір салтын қолдауға бағытталған түрлі іс-шаралар ұйымдастырады.

- Қоғамдық денсаулық сақтау бағдарламалары: Халықты жиі кездесетін аурулардан қорғау және олардың алдын алу мақсатында дәрігерлік тексерулерді ұйымдастырып, қажетті шараларды қолға алады.

5. Мәдени және рухани даму:

Мәдениет пен рухани байлық – қоғамның дамуындағы маңызды факторлар. Бақыт министрлігі мәдениет саласын қолдап, азаматтардың рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған жобаларды жүзеге асырады:

- Мәдени іс-шаралар ұйымдастыру: Театр, өнер көрмелері, халықтық мерекелер мен фестивальдар өткізу арқылы қоғамның мәдени өмірін байыту.

- Рухани даму: Әртүрлі шығармашылық үйірмелер, семинарлар мен тренингтер арқылы жеке тұлғаның рухани дамуына жағдай жасау.

- Қоғамдағы байланысты нығайту: Әлеуметтік және этникалық топтар арасындағы қарым-қатынасты нығайтып, қоғамдағы бірлік пен татулықты арттыру.

6. Экологиялық әл-ауқат:

Қоршаған орта жағдайы да адамның бақыт деңгейіне әсер ететін маңызды факторлардың бірі. Министрлік экологиялық тұрақтылықты жақсарту үшін келесі іс-шараларды жүзеге асырады:

- Экологиялық білім беру: Азаматтарды қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға үйрету мақсатында экологиялық бағдарламалар ұйымдастыру.

- Қалалар мен ауылдарды көгалдандыру: Қоғамдық орындарда жасыл желек отырғызу және экологиялық таза аймақтар құру арқылы тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру.

- Ауаның және судың сапасын бақылау: Табиғи ресурстардың сапасын сақтау үшін бақылау шараларын жүзеге асырып, қоршаған ортаны ластанудан қорғауға бағытталған саясат жүргізу.

7. Білім беру және әлеуметтік теңдік:

Білім деңгейі азаматтардың бақытты болуына тікелей әсер етеді. Министрлік білім сапасын арттыру және қоғамдағы тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге ерекше назар аударады:

- Білім беру жүйесін қолдау: Білім беру саласындағы бағдарламаларды жақсарту және сапалы білім алуға қолжетімділікті арттыру.

- Әлеуметтік теңсіздікпен күресу: Тұрғындардың өмір сүру жағдайына қарамастан тең мүмкіндіктер беру арқылы әлеуметтік теңсіздікті азайту.
- Жастарды қолдау: Жастарды жұмыспен қамту, білім алу және өзін-өзі дамытуға арналған бағдарламалар ұйымдастыру.

Қорытындылай келе Бақыт министрлігі – бұл халықтың эмоционалды, әлеуметтік және психологиялық әл-ауқатын жақсартуға арналған кешенді үкіметтік орган. Ол адамдардың материалдық жағдайынан бастап, рухани дамуы мен психологиялық денсаулығына дейінгі барлық аспектілерді қамтып, қоғамның бақытты әрі тұрақты болуына үлес қоса отырып дамуға негіз болады. Қазақстан үшін өте қажетті және сонымен қатар мемлекеттің әл-ауқатын көтеріп, бәсекелестікке төзімді экспорттық өнімдерді жасап шығаруға бастау болады. Бақыт министрлігі мемлекеттің негізгі артықшылығымен жұмыс істей отырып, қоғамның бақытты өмір сүруіне себеп болады. Бақытты болу өз қолымызда!

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Бақыт министрлігі Фархат Қайратұлының мақаласы
2. Индекс качества жизни по странам в середине 2024 года
3. Рейтинг стран мира по уровню политических и гражданских свобод – Гуманитарный портал
4. Миссия выполнима: Технология счастливой жизни / Маргулан Сейсембай. – М. : Альпина ПРО, 2023. – 380 с.
5. Халықаралық Бақыт индексі Международный индекс счастья — Википедия

УДК 340: 378

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ РЕСМИ НАГРАДАЛАР ЖҮЙЕСІ: ТОЛЫҚТЫРУЛАР МЕН ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Мырзаханов Әділхайыр Ерзатұлы

87080077500@mail.ru

«Геральдикалық зерттеулер орталығы» РММ-і Ведомстволық және өзге де наградаларды сараптау бөлімінің басшысы, Астана, Қазақстан

Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялаған сәттен бастап ұлттық марапаттар жүйесін қалыптастырып, оны үнемі жетілдіріп келеді. Бұл жүйе мемлекеттің саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуында маңызды рөл атқарады. Ордендер, медальдар, құрметті атақтар мен төсбелгілер – мемлекет тарапынан азаматтардың ерен еңбегі мен ерлігін жоғары бағалаудың белгісі болып табылады.

Осы жұмыста Қазақстан Республикасындағы ресми наградалар жүйесі, оның құқықтық негіздері, негізгі марапат түрлері және олардың маңыздылығы, заңнамаға енгізілген толықтырулар мен өзекті мәселелер қарастырылады. Бұл тақырып еліміздің наградалар жүйесінің құрылымы мен оның қоғамдағы рөлі туралы түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Еліміздегі ресми наградалар жүйесін келесідей топтастыруға болады:

1. **Мемлекеттік наградалар** («Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» заңымен реттеледі) [1];
2. **Ведомстволық наградалар** Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кіретін кейбір мемлекеттік органдардың наградалары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 15 желтоқсандағы № 1539 Қаулысымен реттеледі) [2];